Білім беру ұйымы : КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»

Топ: «Жұлдыз» ортаңғы тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 1-апта 2022- оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.10.2022	Сейсенбі 04.10.2022	Сәрсенбі 05.10.2022	Бейсенбі 06.10.2022	Жұма 07.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту туралы жеке әңгімелесу. Балалардың дене қызуын өлшеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, қуыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Құралмен (жалауша) жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру. 1.1. Б.қ. 2.- аяқты бірге, қол төменде; - қолды жоғары көтеру, оңға, солға; 2. Б.қ.: аяқтың арасы ашық, қол төменде. - отыру; - жалаушаны тізеге ұру; 3.3.Б.қ. 4.– аяқтың арасы ашық, қол жаныңда 1-2 рет алға сермеу, - артқа қарай сермеу; 4.Б.қ. - аяқтың арасы ашық, қол төменде; - қолды созу; - аяқты ұшына тигізу; - бастапқы қалыпқа оралу; 5. Б.қ - дем алу, тыныс алу; - қояндарша қос аяқтап секіру; 6. Еркін тыныс алу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. «Сәлемдесейік» Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				

Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	Математика негіздері Құрастыру заттарынан ойыншықтарға кереует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру.	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу. Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және пішініне қарай бөлу. (Математика негіздері)	Математика негіздері – танымдық, ойын әрекеттері Дидактикалық ойын «Артығын тап» Мақсаты: берілген заттардың ішінен артығын ажырата алуға үйрету.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, ойын, коммуникативтік әрекет Дидактикалық ойын «Үй жануарлары» Мақсаты: үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Кітап орталығына келу, суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? - біздің балабақшаның аты қандай білесіңдер ме? -тобымыздың аты ше? Суреттерді көріп бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту (Сөйлеуді дамыту)	Мүсіндеу- шығармашылық, коммуникативтік әрекет «Жемістер» Мақсаты: жемістерді ажырата алуға және мүсіндей білуге үйрету. Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б (Сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) . Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы «Табиғат құбылыстарын бақылау» Мақсаты: ағаштарды бақылап не өзгеріс болатынын түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері Еңбек: «Ауланы жапырақтан тазалау» Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Еңбекке баулу. Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі қимылды ойын Қимылды ойын: «Аю мен аралар» Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа үйрету.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Шуағын шашқан күнді бақылау» Мақсаты: Күннің шуағының пайдасын түсіндіру. Өсімдіктер мен жануарларға күннің шуағының пайдасын түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері Еңбек: «Ойын алаңын жапырақтардан тазарту» Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа баулу, айналаны таза ұстауға үйрету. Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі қимылды	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Желді бақылау» Мақсаты: Балалардың жел туралы білімдерін бекіту, табиғат құбылыстарын бақылай білуге үйрету, сөздік қорларын, ой-өрістерін дамыту. Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері Еңбек: «Ауланы жапырақтан тазалау» Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Еңбекке баулу.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Табиғат» Мақсаты: Балалардың айналадағы табиғатты бақылай білуге баулу. Сұрақ –жауап арқылы, ой -өрісін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Күзгі табиғат» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігінен ләззат ала білуге баулу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері Еңбек: «Ауланы жапырақтан тазалау» Мақсаты: Балалар тазалыққа

		ойын	Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі	Еңбек: Ауланы қоқыстан тазалау. Мақсаты: Балалар тазалыққа тәрбиелеу Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі	
--	--	-------------	---	--	--

		Қимылды ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек» Ойынның ережесімен таныстыру. Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.	қимылды ойын Қимылды ойын: «Ақ қоян» Ойынның ережесі мен қалай ойналатынын түсіндіру. Мақсаты: Ойын арқылы балаларды жүгіртіп,спортқа баулу	Қимылды ойын: «Ақ серек көк серек» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.	тәрбиелеу.Еңбекке баулу. Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі қимылды ойын «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Дене қимыл қозғалыстарын дамыту.Шапшаңдылық пен жылдамдыққа үйрету.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (көркем әдебиет)				
Біртінд еп ұйқыд анояту, сауықт ыру шарал ары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, әрекеті «Балапандар көк шалғында» Мақсаты: Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру. Сөздік қорларын жетілдіріп, қылқаламды дұрыс пайдалануға үйрету. Сурет салуға қажетті құралдармен (мақталы таяқша, паралон, шаблон, трафарет, бояулар және т.б)	Сөйлеуді дамыту– танымдық, ойын, дамытушылық әрекеті Тақырыбы: «Өзіңнің отбасың туралы әңгімеле» Мақсаты: Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор	Көркем әдебиет, жапсыру - коммуникативтік, шығармашылық танымдық әрекет Тақырыбы: «Әке мен бала» Ы.Алтынсарин. Мақсаты: Әңгімені дұрыс түсіне білуге үйрету.Еңбекке деген қызығушылықтарын,ой-өрісін	Балаларға балабақшаға келетін жолдарды көрсетіп жолдың суретін салуды үйрету (Сурет салу) Ермексаздан топтағы үлкен доптың мүсінін жасауды үйрету. (Мүсіндеу)	Жапсыру- шығармашылық, еңбек және коммуникативтік әрекеттер «Күзгі жапырақтар» (Заттық жапсыру) Мақсаты: Балаларды күзгі ағаштардың жапырақтарымен таныстыру. Ұқыптылыққа, түсті ажыратуға үйрету.

		болуға тәрбиелеу.	дамыту.Еңбекқорлыққа, ептілікке,сыпайылыққа тәрбиелеу.		
Балалармен жеке жұмыс	Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту- танымдық, - коммуникативтік әрекет Алиге суреттерге сүйеніп ертегі, әңгімелерді айтуға дағдыландыру.	Математика негіздері – танымдық әрекет Жолайға пішіндерді ретімен құрастырудың қарапайым техникаларын үйрету.	Сөйлеуді дамыту- танымдық - коммуникативтік әрекет Айлинге оқиғаларды құрастырып, әңгімелеп беруге үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, коммуникативтік әрекет Асылымға сәндік элементтермен заттарды безендіруді үйрету	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет Ердосқа ізеттілік, сыпайылық ережелерін меңгерту.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отырулары шарт.	Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Қимыл- қозғалыс ойыны: «Аю мен аралар» Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа үйрету.	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі Қимыл –қозғалыс: Тақырыбы: «Қонжықтар» Мақсаты: Қонжықтар сияқты жүруге үйрету, баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру.	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі Қимыл –қозғалыс: Тақырыбы: «Қонжықтар» Мақсаты: Қонжықтар сияқты жүруге үйрету, баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру.	Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Балалармен бақшамыз туралы тақпақты бірге жаттау.Есте сақтауын дамыту. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. Қ/о «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа үйрету.
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету: Балаларға киімдерін реттеуді үйрету. Шкафты қоқыстан тазарту.Киімдерін реттеп ілулерін қадағалау. Қолдарын сабынмен жуу мәдениетін меңгерту.				
Кешкі ас	Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету Қолдарын жуғызып,орындарына отыруды қадағалау. Тамақтану мәдениетін үйрету. Гигиеналық шараларды орындалуына дағдыландыру. Астарың дәмді болсын! Ас мәзірімен таныстырып, дәрумендердің адам ағзасына пайдасын түсіндіру. Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті: Кезекші балардың іс-әрекетті-алжапқыштарды дұрыс киуіне дағдыландыру. Ыдыс- аяқтарды ретімен қоюын қадағалау. Тәрбиешіге көмек көрсетуге ынталандыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналармен әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»

Топ: «Жұлдыз» ортаңғы тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2-апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.10.2022	Сейсенбі 11.10.2022	Сәрсенбі 12.10.2022	Бейсенбі 13.10.2022	Жұма 14.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Мынау қай пішін?», «Сиқырлы пішіндер» Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Құралсыз 1.1.Б.қ. 2.- қолды алға созу; 3.- артқа жасыру; -алақанды көрсетіп жасырамыз 2.2.Б.қ. 3.–арқамен жатып, қол дене бойымен; -аяқ, қолды бірге түйістіре көтеру; 3.3.Б.қ. 4.-қолды артқа тіреп отыру; 1.-тізені бүгіп қолымен құшақтау; 4.4.Б.қ. 5.- қолды екі жанынан жоғары көтеріп шапалақ ұру; 5.б.қ. келу; 5.-еркін орнында секіру 6. –тыныс алу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Қайырлы таң достарым, Қайырлы күн болсын. Көкке қолды созайық Күннен жылу алайық Жүрекке жылу сыйлайық, Жүрекке жылу берейік. Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Құрастыру - коммуникативтік, танымдық, ойын «Әркімге өз үйі» Мақсаты: Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту.	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет Дидактикалық ойын «Артығын тап» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабілеттерін дамыту (сөйлеуді дамыту)	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, ойын, коммуникативтік әрекет Дидактикалық ойын «Көліктерді білеміз бе?» Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, көліктерді ажырата білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет Сюжетті ойын: «Аспазшы» Мақсаты: баланың ақыл ойын дамыту, еңбекке тәрбиелеу. Дәрумендер тобымен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, ойын, коммуникативтік әрекет Дидактикалық ойын: «Әдемі гүл» Мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Күз мезгілі» Мақсаты: Балалардың күз туралы түсініктерін молайту. Сұрақ –жауап арқылы сөздік қорларын молайту. Көркем сөз Аспан, аспан арайлым Саған жиі қараймын Сені көзбен шамалап Мен ғарышкер боламын Мысал сұрақтар - Қазір қай жыл мезгілі? - Бүгін аспан қандай? Қимылды ойын «Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке баулу Еңбек: Ауланы жапырақтан тазалау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Торғайлардың күзгі тіршілігі» Мақсаты: Балалардың торғай туралы білімдерін бекіту. Сұрақ –жауап арқылы сөздік қорларын молайту. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған Бір торғай ұшса боранда Бәрі жабылып жоқтаған Мысал сұрақтар - Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды бұйрықты тыңдауға, ептілікке баулу. Еңбек: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Жерде жатқан жапырақтарға» Мақсаты: Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. Табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жұмбақ Ағайынды бәрі Шықса жасыл Түссе сары (жапырақ) Мысал сұрақтар - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Жерде нелер жатыр? - Жапырақтың түсі қандай? Киіну, серуенге қажет ойыншықтарын алып шығу. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық»	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Табиғатқа» Мақсаты: Балалардың айналадағы табиғатты бақылай білуге баулу. Сұрақ –жауап арқылы, ой -өрісін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз Күннің көзі алтын түске боялып Бар тіршілік кетіпті ғой оянып Тиін өрлеп, торғай қонып ағашқа Балалардың жетпейтіндей бойы анық Мысал сұрақтар - Қазір жылдың қай мезгілі? - Бүгін ауа –райы қандай? Қимылды ойын: «Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Балаларды	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Күзгі күнің көзіне» Мақсаты: Күн туралы білімдерін бекіту, күннің көзінің шуағы не үшін керек екенін түсіндіру. Сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту. Көркем сөз Алақай, алақай Күн шықты Жер үстіне, нұр шықты .Қимылды ойын: «Аттар» Мақсаты: Балаларға аттар жайлы мағлұмат беріп, балалардың дене қимыл қозғалысын дамыту. Еңбек: Ауланы жапырақтан тазалау. Мақсаты: Балалар тазалыққа тәрбиелеу
		сыпыруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек	Мақсаты: Балалардың дене қимыл қозғалысын дамыту. Еңбек: Аула сыпырушыға	жылдамдыққа, ептілікке баулу Еңбек: Ауланы	

		беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу.	балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу.	жапырақтан тазалау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. (математика негіздері) Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау, тақтайшаға жапсыру. (Жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды боялап айналайық. Топта қамырды пайдаланып мүсін жасау.	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қораларды жасауды үйрету (Құрастыру)	Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. (көркем әдебиет) Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру (Құрастыру)	Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «Артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату (математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс	Айсұлуға құрастыру материалдарымен жұмыс істеуді жалғастыру.	Дамирге ізеттілік, сыпайылық ережелерін меңгерту.	Айымға суреттерге сүйеніп ертегі, әңгімелерді айтуға дағдыландыру.	Рамзанға оқиғаларды құрастырып, әңгімелеп беруге үйрету.	Елдосқа құрастыру материалдарымен жұмыс істеуді жалғастыру.
	ойыншықтарды алып, шығу. Еркін ойындар Қ/о: «Қоян мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ойынның шартына сай ойнауға үйрету.	серек көк серек» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұжыммен бірлесе, ойынның шартына сай ойнауға үйрету.	Қ/о: «Тышқандар мен мысық» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа үйрету.	Қ/о: «Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Балаларды ұжыммен бірлесе, ойынның шартына сай ойнауға үйрету.	жемістерді білетінін сұрау. Қ/о: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұжыммен бірлесе, ойынның шартына сай ойнауға үйрету.
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету: Балаларға киімдерін реттеуді үйрету. Шкафты қоқыстан тазарту. Киімдерін реттеп ілулерін қадағалау. Қолдарын сабынмен жуу мәдениетін меңгерту.				
Кешкі ас	Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету Қолдарын жуғызып, орындарына отыруды қадағалау. Тамақтану мәдениетін үйрету. Гигиеналық шараларды орындалуына дағдыландыру. Астарың дәмді болсын! Ас мәзірімен таныстырып, дәрумендердің адам ағзасына пайдасын түсіндіру. Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті: Кезекші балардың іс-әрекеті-алжапқыштарды дұрыс киюіне дағдыландыру. Ыдыс-аяқтарды ретімен қоюын қадағалау. Тәрбиешіге көмек көрсетуге ынталандыру.				

Балалардың үйге қайтуы	Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу.	Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.
------------------------	--	--	--	------------------------------------	---

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»

Топ: «Жұлдыз» ортаңғы тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 3-апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.10.2022	Сейсенбі 18.10.2022	Сәрсенбі 19.10.2022	Бейсенбі 20.10.2022	Жұма 21.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл-күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Құралмен (ойыншықтар) Аңдармен жаттығамыз» 1.1.Б.қ. 2.-Аяқ алшақ, ойыншық төменде; - ойыншықты жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру; 2.2.Б.қ. 3.-ойыншықты алға созып ұстау; -оңға, солға бұрылу, б.қ. келу; 3.3.Б.қ. 4.-ойыншық кеуде алдында; -алға еңкейіп ,ойыншықты еденге қою; 4.4.Б.қ.5.- ойыншықпен отыру; 5.-Ойыншықпен оңға ,солға айналу; 6.5.Б.қ.7.-Тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Құрастыру - коммуникативтік, танымдық, ойын Дидактикалық ойыны Еңбек туралы әңгіме құру. Мақсаты: Еңбек туралы, түрлі мамандық қызметкерлерінің еңбектерін құрметтей білугу үйрету.	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет Дидактикалық ойын «Мен өскенде кім боламын» Мақсаты: Балаларға әртүрлі мамандық иелерін тани білуге үйрету.Өз ойларын еркін жеткізуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, ойын, коммуникативтік әрекет Дидактикалық ойын «Менің туыстарым» Мақсаты: Картиналар топта-масынан суреттер қарастыру .Туыстарын құрметтеуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет Сөздік ойын «Қимылын көрсет» Мақсаты: Айтылған сөздердің мағынасын түсінуге,оны қимыл ретінде қайталай білуге тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, ойын,коммуникативтік әрекет Күз туралы суретпен әңгімелесу. Мақсаты: Күз мезгілі туралы, күздің ерекшеліктерімен таныстыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Отбасымызбен тұратын үйшікті бормен салуды үйрету. (сурет салу) Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру.(қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Күзгі табиғатқа» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігінен ләззат ала білуге баулу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Көркем сөз Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Мысал сұрақтар - Қазір қай жыл мезгілі? Қимылды ойын: «Сақина тастамақ» Мақсаты: Балаларды секіруге, шапшандыққа тәрбилеу. Еңбек: Айналаны тазалау. Мақсаты: Балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Күзгі көкөністерді» Мақсаты: Балаларға ауараймен таныстыру баулу. Сұрақ –жауап арқылы, ой - өрісін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз Күннің көзі алтын түске боя Бар тіршілік кетіпті ғой оянып Тиін өрлеп, торғай қонып ағашқа Балалардың жетпейтіндей бойы анық Мысал сұрақтар - Қазір жылдың қай мезгілі? - Бүгін ауа –райы қандай? Қимылды ойын: «Аю мен аралар» Мақсаты: Балаларды секіруге шапшандыққа тәрбилеу. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Тақырыбы: «Құстарға» Мақсаты: Балаларға құстар туралы білімдерін бекіту. Құстардың дене пішіндерін айта білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құстарға қамқор бола білуге баулу. Көркем сөз Құстар бейне жастардай Тұра алмайды ән салмай Боз ала таңда боз торғай Қоя алмайды қарсы алмай. Мысал сұрақтар: - Қандай құстарды білесіңдер? Қимылды ойын: «Аю мен аралар» Мақсаты: Балаларды секіруге шапшандыққа тәрбилеу.	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Бақылау Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау.Оларды бір бірімен салыстыру, санау қабылетін дамытудамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. (құрастыру) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем әдебиет, жапсыру – коммуникатив тік, шығармашылық танымдық әрекет Үстел үсті театры « Менің отбасым » және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. С/О «Дәрігер» Мақсаты: Дәрігер мамандығымен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту –танымдық, ойын, дамытушылық әрекеті «Менің балабақшам» әңгіме құрау. Мақсаты: Балалардың сөз байлығын дамыту. Өз ойын еркін жеткізуге үйрету. С/О «Дәрігер» Мақсаты: Мен дәрігер боламын әңгіме құрау.	Сөйлеуді дамыту – танымдық, ойын, дамытушылық әрекеті Құрылысшы» Мақсаты: Ойын – жаттығу Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. С/О «Дәрігер» Мақсаты: Менің анам дәрігер ,Дәрігердің қызметімен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту – танымдық, ойын, дамытушылық әрекеті «Мен суретшімін» Мақсаты: Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. С/О «Дәрігер» Мақсаты: Мен дәрігермін, балалармен дәрігер , емхана ойынын ойнау.	Көркем әдебиет, жапсыру – коммуникатив тік, шығармашылық танымдық әрекет Отбасы туралы ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б. Мақсаты: Ертегі тыңдай білуге үйрету С/О «Дәрігер» Мақсаты: Дәрігердің адам өміріндегі маңызын ттүсіндіру.
Балалармен жеке жұмыс	Айлинмен шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндауға үйрету.	Айарумен мүсіндеудің түрлі техникаларын қолдануға дағдыландыру.	Мансұрмен сурет салудың түрлі техниасын қолданып сурет салуға үйрету	Адияны құрылысты безендіру үшін түлі түсті бөлшектерді қолдануға үйрету	Айсұлтанмен майда және ірі бөліктерді қайшымен қырқу дағдысыан үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/О «Ұйқыдағы аю» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау (Математика негіздері	Қ/о «Торғайлар мен түлкі» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О «Ұшты-ұшты» Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету: Балаларға киімдерін реттеуді үйрету. Шкафты қоқыстан тазарту. Киімдерін реттеп ілулерін қадағалау. Қолдарын сабынмен жуу мәдениетін меңгерту.				
Кешкі ас	Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету Қолдарын жуғызып, орындарына отыруды қадағалау. Тамақтану мәдениетін үйрету. Гигиеналық шараларды орындалуына дағдыландыру. Астарың дәмді болсын! Ас мәзірімен таныстырып, дәрумендердің адам ағзасына пайдасын түсіндіру. Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті: Кезекші балардың іс-әрекеті-алжапқыштарды дұрыс киуіне дағдыландыру. Ыдыс-аяқтарды ретімен қоюын қадағалау. Тәрбиешіге көмек көрсетуге ынталандыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналармен әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»

Топ: «Жұлдыз» ортаңғы тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 4-апта 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.10.2022	Сейсенбі 25.10.2022	Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалыққойын: «Сыңарын тап», «Бұл қандай пішін?», «Орнын тап» Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Құралсыз 1.1.Б.қ. 2.- қолды алға созу; 3.- артқа жасыру; -алақанды көрсетіп жасырамыз 2.2.Б.қ. 3.–арқамен жатып, қол дене бойымен; -аяқ, қолды бірге түйістіре көтеру; 3.3.Б.қ. 4.-қолды артқа тіреп отыру; 1.-тізені бүгіп қолымен құшақтау; 4.4.Б.қ. 5.- қолды екі жанынан жоғары көтеріп шапалақ ұру; 5.б.қ. келу; 5.-еркін орнында секіру 6.–тыныс алу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Асқа адалдық Басқа амандық, Денге саулық. Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Ерте тұрып күнде мен Терезені ашамын -Сәлем!,-деймін күнге мен Шаттық әнге саламын -Қайырлы таң апашым! деймін келіп атама Қайырлы таң аташым! деймін келіп атама Қайырлы таң, достарым! деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау,				

	қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер			Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. (көркем әдебиет)	Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. (көркем әдебиет) Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санау (математика негіздері) Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	Құрастыру - коммуникативтік, танымдық, ойын Тақырыбы: «Лақтарға және боталарға арналған қоршаулар» Мақсаты: ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру. Үй жануарлары туралы қарапайым түсініктер беру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен			Балабақша ауласында өсетін көкөніс пен жемістерді қарау, бақылау.	Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беру. (қоршаған ортамен танысу)	Балабақша аумағын мекендейтін тірі табиғат нысандарымен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын				

	тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)			Сюжетті-рөлдік ойын «Құрылысшы» Мақсаты. Балаларға достарымен қарым-қатынас жайлы түсіндіру. Құрылысшы нелер, қалай жасайтындығын көрсету, мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Түстерді ажырата білуге үйрету. Мақсаты: Ойын – жаттығу қимылдарын дамыту.	Сюжетті-рөлдік ойын «Құрылысшы» Мақсаты. Балалармен құрылысшы ойынын рөлдерге бөлініп ойнауды үйрету. Карточкамен ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Балалардың қиялдарын, еркін сөйлеп, өз ойын жеткізуге үйрету.	Сюжетті-рөлдік ойын «Құрылысшы » Мақсаты: Балалар құрылысшы болып үй салып, құрылысшы ойынын ойнайды. Сюжеттік ойыншықтармен ойын, ертегі оқып беру. Құрастырмалар мен мозайкаларамен ойын.
Балалармен жеке жұмыс			Айымға әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалап, салуға үйрету.	Алинурға еліміздің жетістіктерін түсіндіріп мақтаныш сезімін оятып, патриоттыққа үйрету	Жасминге үй жануарлары мен олардың төлдерін, үй құстарын атап, ажыратып білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен			Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю мен аралар» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұжыммен бірлесе ойынның шартына сай ойнауға үйрету.	Сауат ашу, сөйлеуді дамыту –танымдық, ойын, дамытушылық әрекеті Дидактикалық ойын «Масалар» Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету: Балаларға киімдерін реттеуді үйрету. Шкафты қоқыстан тазарту. Киімдерін реттеп ілулерін қадағалау. Қолдарын сабынмен жуу мәдениетін меңгерту.				
Кешкі ас	Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету Қолдарын жуғызып, орындарына отыруды қадағалау. Тамақтану мәдениетін үйрету. Гигиеналық шараларды орындалуына дағдыландыру. Астарың дәмді болсын! Ас мәзірімен таныстырып, дәрумендердің адам ағзасына пайдасын түсіндіру. Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті: Кезекші балардың іс-әрекеті-алжапқыштарды дұрыс киуіне дағдыландыру. Ыдыс-аяқтарды ретімен қоюын қадағалау. Тәрбиешіге көмек көрсетуге ынталандыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-аналармен әңгімелесу. Баланың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2022жыл 1 апта
«Жұлдыз» ортаңғы тобы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 31.10.2022	Сейсенбі 01.11.2022	Сәрсенбі 02.11.2022	Бейсенбі 03.11.2022	Жұма 04.11.2022
Балаларды қабылдау	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, қуыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Құралмен (жалауша) жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру. 1.1. Б.қ. 2.- аяқты бірге, қол төменде; - қолды жоғары көтеру, оңға, солға; 2. Б.қ.: аяқтың арасы ашық, қол төменде. - отыру; - жалаушаны тізеге ұру; 3.3.Б.қ. 4.– аяқтың арасы ашық, қол жаныңда 1-2 рет алға сермеу, - артқа қарай сермеу; 4.Б.қ. - аяқтың арасы ашық, қол төменде; - қолды созу; - аяқты ұшына тигізу; - бастапқы қалыпқа оралу; 5. Б.қ - дем алу, тыныс алу; - қояндарша қос аяқтап секіру; 6. Еркін тыныс алу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. «Сәлемдесейік» Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Ойындар (үстел- үсті, саусақ және т.б.)	«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.	«Тәрбиеші » тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. Көркем әдебиет	«Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Мүсіндеу	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. Қоршаған ортамен танысу	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады Сөйлеуді дамыту

	Сурет салу, жапсыру				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
